

**Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 8 қазандағы "Алматы қаласының базарларында товарлар өткізу (жұмыстар, қызметтер) құқығына арналған жиымдардың ставкаларын енгізу туралы" № 992 шешімінің күшін жою туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімінің 1998 жылғы 17 қазандағы № 1025 шешімі. Алматы қаласы Әділет басқармасымен 1999 жылғы 20 сәуірде № 49 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 1999 жылғы 07 мамырдағы № 421 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 07.05.1999 № 421 шешімімен.**

Жылдың күзгі-қысқы кезеңінде Алматы қаласының базарларындағы сауда қызметінің маусымдық томендеуін ескеріп, Алматы қаласының Әкімі

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. № 1 қосымшаға сәйкес Алматы қаласының базарларында жиымдар  
с т а в к а л а р ы б е к і т і л с і н .
2. Алматы қалалық Салық комитеті бақылау-кассалық аппараттарды қолданбай, есте сақтау арқылы жиымдарды алуға тыйым салсын.
3. Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 8 қазандағы "Алматы қаласының базарларында товарлар өткізу (жұмыстар, қызметтер) құқығына арналған жиымдардың ставкаларын енгізу туралы" № 992 шешімінің күші жойылсын.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бөкеновке жүктелсін.

*Алматы қаласының әкімі В. Храпунов*